

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№24
(894)


Бейсенбі, 18 маусым 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

21 маусым – медицина қызметшілерінің күні

Құрметті медицина қызметшілері!



Сіздерді кәсіби мереке –медицина қызметшілерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осы күні еңбектеріңізге деген адалдығыңыз үшін, адамдарға сүйіспеншілігіңіз бен олардың денсаулықтарына қамқорлығыңыз үшін сіздерге шексіз алғысымды білдіремін.

Денсаулық сақтау насандарының материалдық-техникалық базаларын нығайтып, медицина қызметшілерінің әлеуметтік мәселелерін шешуді Үкіметке тапсырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында денсаулық саласын қолдау мен оның дамуына ерекше назар аударады.

Төзімді, ержүректі және ерекше мейірімді болуды талап ететін медициналық қызметшінің мамандығы қоғамның басты құндылығы –адам денсаулығын сақтайды. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтап, дүниенің бар жақсылығы мен қуанышың, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

МЕЙІРБИКЕ МЕРЕЙІ



«Еңбек - адамның көркі, адам - заманының көркі» дегендей бар өмірін денсаулық сақтау саласына арнап, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, халықтың жылы ықыласы мен алғысына бөленіп, заманының көркі болып жүрген дәрігерлер көптеп саналады. Солардың бірі – аудандық орталық аурухананың күндізгі стационар бөліміндегі жоғарғы санатты мейірбике Бектенова Ақмарал Адамбекқызы.

Үлкен мен кішіге, адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, сезінің төттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырып, шексіз алғыс сезіміне бөленіп жүрген Ақмарал Адамбекқызымен төл мерекелері қарсаңында кездесіп,



сұхбаттасудың сәті түсті.

Адамгершілігі мен парасаты, білімі мен біліктілігі жоғары, ар-ожданы таза, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқаалаған ақ халатты абзал жан Ақмарал Адамбекқызы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында дүниеге келген. Орта мектепті ойдағыдай бітірген жас қыз Ресейдегі медицина оқуына түсіп, 1991 жылы тәмамдаған. Ол медицинаның қыр-сырын үйренуде ұстаздарының ізінен қалмай, ұзақты күн кітапханаларда отырып, білімін шыңдайды.

Өз еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданындағы «Арман» шипажайында бастап, кейіннен облыстық инфекциялық ауруханасында жалғастырады.

2007 жылдан Айыртау аудандық ауруханасында күндізгі бөлімнің мейірбикесі болып қызмет істейді. Алғаш еңбек жолын бастаған жас маманның аздап жүрексініп, қобалжғаны рас. Сондай сәттерде оның жанына демеу болып, бар білгенін үйретіп, өз тәжірибесімен бөлісіп, ақылын айтып, көңіліне сүйеу болған ұстаздарының алдында өзін әлі күнге шәкірт сезінеді. Өзі таңдаған салада жиырма жылдан астам қызмет етіп келе жатқан маманның тәжірибесі терең болатыны айтпаса да түсінікті. Оның үстіне ақжарқын келбетімен, ақкөңіл кеңпейілділігімен адам жанын баурап алатын, науқасты ауруынан айықтыру үшін бар жағдайды жасап бағатын дәрігерге қай емделуші қызықпайды дейсіз?! Сол себептен де емделуге келгендер Ақмарал Адамбекқызының қарауында ем алуға ынталы. Ертелі-кеш ел мен халықтың денсаулығын қорғап, тынымсыз еңбек етіп, жанға дауа қылып, жүрекке жылу құйып жүрген абзал жандарға айтылар алғыстар да шексіз.

«Аппадан кейінгі құтқарушы ақ халатты періште» дегуе боларлық дәрігер қандай мақтау сөзге де, алғыс сезімге де лайық емес пе?!

Міне, осындай ақ халатты абзал жанның ана екендігін де естен шығармауға тиіспіз. Жолдасы Мұрат ағамен бірге 2 бала тәрбиелеуде. Ұлдары Жасұлан аудандық Мәдениет үйінің қызметкері болса, қызы Жанайым 5 сыныпты тәмамдап отыр.

Ақмарал Адамбекқызын кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, отбасына амандық, еңбегіне табыс тілейміз.

Әйгерім ОМАРОВА.

Марапат

ЕЛБАСЫНАН АЛҒЫС

Ағымдағы айдың 16 күні «Нұр Отан» партиясы аумақтық филиалының мәжіліс залында өткен Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Нұрсұлтан Назарбаевқа қолдау көрсеткені бірқатар штаб мүшелері марапатталды.

Аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аумақтық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров сайлау науқаны кезінде штаб мүшелерімен атқарылған ауқымды жұмыстарға алғысын білдіре отырып, еліміздің тағдыры шешілер маңызды сәтте қазақстандықтар Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа өз дауыстарын беріп, бірауыздан қолдағандықтарын атап көрсетті. Біздің аудандық штабтың әр мүшесі аталмыш саяси науқанның ойдағыдай өткізілуіне лайықты үлестерін қоса білді. Елбасының жеңісі оның халық алдындағы беделі мен егемен еліміздің дамуына сіңірген өлшеусіз еңбегінің тағы да бір айқын айғағы болды. Аудан әкімі Мемлекет басшысының атынан сайлау науқанын өткізуге белсене атсалысқаны үшін штаб төрағасы Болат Ахметжановқа, Елемес Қалиевке,



Александр Романенкоға, Раушан Тілеубаеваға, Армия Әбілқайыровқа, Ирина Бурковскаяға, Саят Молдахметовке, Анатолий Мигальге, Жеңісгүл Құсайыноваға, Мырзабай Тұралиновқа, Наталия Еременкоға, Меңдігүл Олжабаеваға Алғыс хаттар табыс етті.

Әйгерім ОМАРОВА.

23 маусым – полиция қызметкерлерінің күні

ЕЛ АМАНДЫҒЫНЫҢ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАНДАР

Қазіргі таңда мемлекетімізде саяси-экономикалық және әлеуметтік маңызы зор мәселелер іске асырылуда. Құқық тәртібін нығайту, қылмысқа қарсы күресті өрістетіу тұрғысында қолға алынып жатқан ауқымды шаруалар баршылық. Заң талаптары құқыққорғау органдарына, оның ішінде ішкі істер бөлімі қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейтіндігі белгілі. Осы жолда полиция қызметкерлерінің көтерер жүгі де жеңіл емес. Олар егемен еліміздің құқықты мемлекет болып қалыптасуына үлестерін қоса отырып, қоғамымыздағы белең алған заңсыз іс-әрекеттерге және қылмыс атаулының барлығымен белсене күрес жүргізуде.



1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары» Заңын қабылдады. Бұл Қазақстан полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт болатын. Ал 2007 жылдың 5-ші маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен маусым айының 23-і «Полиция күні» болып бекітілді. Осы орайда біз мызғымас тәртіптің арқасында ауданда тыныштықты ретке келтіріп, қоғам игілігіне жұмыс жасап отырған тәртіп сақшыларының бүгінгі тыныс тіршілігімен танысу мақсатында Айыртау аудандық ішкі істер бөліміне ат басын тіреген едік. Аталмыш бөлімді білікті азамат, полиция подполковнигі Айдос Сайлауұлы Ідірісов басқарады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ел азаматтары полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінуі тиіс», - деп атап өткен болатын. Бұл әрбір

тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Өйткені, еліміз үшін адам өмірінің қауіпсіздігі - басты назарда, - деп бастады әңгімесін мекеме басшысы. – Бөлім бірнеше бөлімшелерден тұрады. Атап айтар болсақ, көзекші бөлім, штаб, криминалдық полиция бөлімшесі, жедел криминалдық қызмет, анықтау және тергеу бөлімшелері, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бөлімшесі, к мөлөтке толмағандар істері жөніндегі топ, көші-қон полициясы, патрульдік полициясы қызмет жасайды. Олардың басты міндеті - қоғам тыныштығын күзетіп, халықтың бас аمانдығын қамтамасыз ету болып табылады, - деді Айдос Сайлауұлы бөлім құрамы туралы айта келіп.

Сонымен қатар, білікті басшы құқыққорғау органында қажырлы

біршамасы тыйылып, қоғамдық қауіпсіздік тұрақталған. Қасақана кісі өлтіру, ұйымдастырылған қылмыстық топтарды құру және басқару, зорлау, автокөлік ұрлау сияқты қылмыстарға жол берілген жоқ.

Әрине, мұның барлығы бойына борыш пен намысты, ар ұғымы мен адалдықты серік еткен қоғамымыздағы тыныштықты сақтауда, қылмыстылықпен күресте аянбай еңбек етіп жатқан тәртіп сақшыларының ерен еңбегінің нәтижесі екені анық.

Қоғам қауіпсіздігі жолында аянбай еңбектеніп жүрген сақшылар абаттандыру мәселесін де бір сәт естен шығармайды. Аудан әкімі бекіткен үш айлық тазалық жұмыстарына белсене атсалысып, мекеме ғимаратының алдын көркейтуді де қолға алған бөлім қызметкерлері «Тазалық ұдайы жинастыратын жерде емес, тазалық - ластамайтын жерде сақталады» деген қағиданы берік ұстанады екен. Сондай-ақ, құқыққорғау органының азаматтары ауданда өткізілетін қоғамдық шараларға да белсенді қатысады. Ішкі істер бөлімі қызметкерлері арасында ұйымдастырылатын көркемөнерпаздар байқауы мен спорттық сайыстарда өз өнерлерін паш етіп жүрген қызметкерлер аз емес. Мәселен, Шоқан Асқаров, Ерлан Мақанов сынды спорт сүйер азаматтар әртүрлі деңгейдегі жарыстардан жүлделі орындарға ие болып жүрген жандар. Әңгіме соңында АІБ бастығы А. Ідірісов әріптестеріне деген құттықтауын жеткізіп, жылы лебізін білдірді. – Әріптестерімді және сала ардагерлерін төл мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, бірлік, жұмыстарына жетістік тілеймін. Қоғамның тыныштығы, халықтың қауіпсіздігі –біз үшін аса маңызды міндет. Осынау абыройлы да аса жауапты міндет биігінен көріну жолында біздің ішкі істер бөлімі қызметкерлері күш-жігерін аянбай, ел алдындағы антына адал қызмет ете берсін демекпіні, - деді Айдос Сайлауұлы.

Полиция қызметкері болу оңай емес. Ол үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицияға қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болуы, адамдармен араласа білуі, сыпайы болуы да аса маңызды. Олай болса, осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығып жүрген аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерін біз де төл мерекелерімен құттықтап, жұмыстарына толағай табыстар тілейміз.

Жанат СӘБИТОВ.

ЖОБА

2015 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топтырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топтырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау Ережесінің 10 – тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2015 жылға Айыртау ауданында субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдері және субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 23 сәуірден пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Ағзам ТАСТЕМІРОВ, аудан әкімі.

Кәсіпкерлікке –кең өріс

БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

Маусымның 12-і «Нұр Отан» халықтық партиясы ғимаратының мәжіліс залында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Айыртау аудандық филиалының директоры Данияр Қалымовтың төрағалық етуімен келелі кеңес өткізілді. Кеңес барысында бақылау-кассалық машиналарын тіркеу тәртібі жайлы мәселелер тілге тиек етіліп, түсініктемелер берілді. Бұл шараға тиісті мекемелердің мамандары мен ауданымыздың бизнес өкілдері қатысты.



Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке басқа да төлемдер туралы» Салықтық Кодексінің 645 бабы 1 тармағына сәйкес үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап бензинді, дизель отынын және алкоголь өнімдерін көтерме немесе бөлшек саудада сатумен айналысатын салық төлеушілер қолма-қол ақшамен сауда операцияларын кезінде жаңа үлгідегі бақылау-кассалық машиналарын қолдануға міндетті.

Бақылау-кассалық машиналарынан мәліметтерді қабылдау және сақтау, сондай-ақ оларды салық органдарына беру фискальді мәліметтер операторымен жүргізіледі. ҚР Үкіметінің Қаулысымен фискальді мәліметтер операторы болып «Қазақтелеком» АҚ белгіленген.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған Мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлімінің бас маманы Виктор Голушак аталмыш аппаратты тіркеу тәртібі, қалай қолдануы керектігі жайлы таныстырып өтті. Аудандық телекоммуникация торабының өндіріс бастығы Олег Водовозов бақылау-кассалық машиналарын қосу, оның техникалық мүмкіндіктері жайлы өңгімелесе, Көкшетау қаласындағы «Мультисот Евразия» фирмасының өкпілі, жеке кәсіпкер Михаил Лобанов бақылау-кассалық машиналарын сатып алу және оларға қызмет көрсету жайында айтып берді.

Осы жиынға арнайы келіп қатысқан «Қазақстанның Тұрғынүйжиінақбанкі» АҚ облыстық филиалының директоры, СҚО кәсіпкерлер палатасы іскер әйелдерінің аумақтық кеңесінің төрайымы, облыстық мәслихат депутаты Райхан Әбдірахманова аталмыш банктен несиелеу жайын өңгімелесе, Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы А. Маменикова елімізде өткізіліп жатқан жариялау барысы туралы айтты.

Аталмыш шара барысында кәсіпкерлер өздерін толғандырып жүрген мәселелерін айтып, өз ойларын ортаға салды.

Жанат КӨШЕЙ .

Семинар

Медиация Заңына арналды

Үстіміздегі жылғы 10-шы маусымда Айыртау аудандық №2 сотының судьясы Асқар Пармановтың төрағалық етуімен «Медиация дауды шешудегі балама жүйе» атты семинар өткізілді. Семинар барысында медиация туралы толық ақпарат берілді.

Медиация – дауларды шешу тәсілі. Келісе алмаушылықты шешудің басқа нысандарымен ұқсастығы болғанымен, медиацияның бірнеше маңызды ерекшеліктері бар. Негізгі – талқылау кезінде бейтарап үшінші тараптың болуы. Ол ешқандай шешім шығармайды, алайда қатысып, проблеманы зерделеп, дауласып жатқан тараптардың өздері шешім қабылдауына ықпал етеді. Медиация тәртібі – дауды шешудегі анық құрылымдық делдалдық процесс. Медиация мақсаты дауласып отырған тараптардың дауды өз бетімен реттеу қабілеттеріне ықпал етіп, нәтижесінде өзара ризашылыққа келтіру.

Қазақстан Республикасының “Медиация туралы” Заңы 2011 жылдың 8 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген. “Медиация туралы” Заңның маңыздылығы мен тиімділігі сот іс жүргізуіндегі даулы мәселелерді дұрыс шешуде, сонымен бірге көбінесе медиаторлар ұйымы дайындаған медиаторлар тізілімінен іріктелген кәсіпқой медиаторлардың және қала, аудан, селолық округінің әкімдері дайындаған тізімнен іріктелген қоғамдық медиаторлардың адал сапалы, білікті еңбегі мен қызметіне байланысты. Медиация рәсімін қолданудың негізгі саласы – азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқық қатынастары. Дауларды сотқа дейін біліктіліктен реттеу соттың жүктемесін азайтып қана қоймай, сонымен бірге дауларды өзара тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Тарапқа медиацияға жүгінуге ұсынысты басқа тараптың өтініші бойынша, сот немесе қылмыстық қудалау органы жасауы мүмкін. Медиацияның жүргізу үшін дауды медиация арқылы шешуге дауласып жатқан тараптардың келісімі және өздері арасында жасалған медиация туралы жазбаша шарт керек.

Семинар барысында қатысушылардан түскен сұрақтарға судьялар мен медиаторлар тарапынан толыққанды жауап берілді.

Әйгерім ОМАРОВА.

Өзекті

ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен аптада «Нұр Отан» халықтық партиясының мәжіліс залында ауданның ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасында конфессияаралық келісімді қалыптастыру» тақырыбына семинар өткізілді.

Террористік, экстремистік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу, іске асыру мақсатында ұйымдастырылған семинарға Солтүстік Қазақстан облысының Дін істері жөніндегі басқармасының бас маманы Болат Омаров, Конфессияаралық қарым-қатынастар сараптамасы мен дамуы орталығының сарапшылары Әзиза Жұмағалиева мен Гүлмира Бейсенбина, аудан мектептерінің әлеуметтік ұстаздары, дін істерін түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихаттық топтардың мүшелері қатысты.

Алдымен орталық сарапшысы Әзиза Маратқызы діни экстремизм мен терроризмнің ең бір өзекті мәселелердің бірі екеніне тоқтала келіп, дін саласындағы мемлекеттік саясат жайлы айтып өтті. Ол өз ойын:

- Терроризм «өркениеттендірілген» соғыс ретінде, шайқас алаңында жеңбейді, ол адамның ішкі пси-

Аудандық сотта

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ДАЛА ЗАҢЫ

Біздің халқымыздың Ұлы далада жүздеген жылдар бойы өзіндік әмбебаптығын жоғалтпаған ежелгі қазақ құқығы қалыптасқан кезеңдер болған. Ол бүгінгі Қазақстан Республикасы соттық жүйесі үрдісінің қалыптасуы мен кеңеюіне жоғарғы деңгейде әділ сотқа қызмет етуге лайықты.

Жалпыға бірдей адамгершілік пен адами құндылықтарда халық жадындағы тарихты тану, ұлттық қайнар көздерге көңіл бөлу мүлдем кездейсоқ емес. Бүгін Қазақстан әлемдік қауымдастықтың теңқұқықты әріптесі болып жатқанда, соттың әділдігі мен қажеттілігі туралы іргелі ережелердегі баламалы мәселелерді жүзеге асыру ерекше маңыз алуда. Қазақстандық қоғамда мемлекеттілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыруда билер соты институтының маңызы зор. Қазақ билері қалдырған бай рухани мұра, өзінің өзектілігін осы күнге дейін жойған емес.

Билер соты мемлекеттің маңызды институты, қазақ қоғамының өміріндегі топтасуда басты рөл атқаратын маңызды тірегі болып табылады. Қазақ халқының тарихы мен ережелерінде, билермен құрылған «Қасым ханның қасқа жолы» және «Есім ханның ескі жолы» атты құқықтық жарғылары

ерекше орын алады. Қасым ханның заңдар жинағы мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы деп аталатын бес түзілімнен тұрады. Бұл әкімшілік – саяси, әскери, сотты реттеу мәселелерін көтерген құқықтық ережелер. Бұл құжаттар Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы шықпай тұрып қажетті құқықтық маңызы болды. Тәуке хан осы заңдар жинағын құрастыруға халық арасында ақыл парасатымен, әділдігімен, батырлық әрекеттерімен белгілі дарынды билер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді тарта білді. Соның нәтижесінде «Жеті жарғы» заңдар жинағы дүниеге келді. Бұл құжаттың әрбір бабы, талаптары мен реттеу функциялары сол заманның тарихи жағдайларынан ұлттық идеяны қорғау, көшпелі өмірдегі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Бұл құжат қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайтуға, ұлттық сана-сезімін көтеруге, рулар арасындағы алауыздықты тежеуде маңызды рөл атқарды. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» қазақ мемлекеттілігін құрылысы, биліктің құрылуы, хандарды сайлау тәртібі т.б. мәселелер қамтылған.

Билер соты жоғарғы моральдық сот ретінде, мынадай іргелі

принциптердің негізінде құрылды. Оларға оның мызғымастығының негізін құрастырушы – судьялардың сатылмайтындығы, сот шешіміндегі моральдық бағдар мен әділдіктің мәні, соттың қолжетімділігі мен жариялылығы, судьялардың сот шешімін негіздеуде және оны дәлелдеуде шешендік өнерді меңгеруі, жақтастарды татуластырудағы соттың хабардар етуі және құқық бұзушының зиян келтіруді толық өтеуі сияқты негіздерін жатқызуға болады. Билер қазақ халқының құқық ережелерін таратушылары болған Мемлекеттің барлық құқықтық міндеттерін: білгірлер, заңды қорғаушылар мен шешендер, реформаторлар, заң шығарушылар, хандар мен сұлтандардың кеңесшілері атқарған. Олардың қызметіндегі басты принцип – әділдік принципі. Олар үшін халықтың мүддесі жергілікті халықтың мүддесінен жоғары қойылды. Билер сотының бай мұрасынан көптеген құндылықтарды алатынымыз, сөзсіз. Ең бастысы, ең бағалысы тарихтың өнегелі сабақтары сот ісінде лайықты мамандарды тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.

Самал АЛДАНҒАРОВА, аудандық соттың бас маманы.

Оқырман хаты

Гүлденсе ауыл-гүлденеміз бәріміз

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы, Бұдан артық рахат табылмайды. Бұлдырасын сағымдай өткен бір күн, Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы».

М.Мақатаев

Ауыл-адамзаттың кең дүниенің есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндігі, қаны, маңдай төрі тамған киелі мекені. Дүниедегі ең құдіретті «ана» болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Ауыл-халқымыздың бойына нәр құятын алтын бесігі, негізгі мекен-жайы, ұлттық рухтың қуат алар қайнар көзі. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» дегендей, ауыл көркейсе, халық өмірі жақсарады.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан талай реформалар, экономикалық және саяси өзгерістер арқасында әріне ауыл өмірі біртіндеп жақсарып қалған тәріздес. Алайда осы күнге дейін ауыл өмірі қандай болды? Әріне бұл сұраққа жауап сан қилы.

Осы мақаланы жазу мақсатым Айыртау ауданына қарасты Қарауыл-Қантай елі, қазір Бірлестік деп аталатын мекенге, осы жердің тумасы, жұртының мақтанышына айналған, өңші, суырып салма айтыскер ақын, кейінірек жазба ақындар санатына қосылған Әміре Сұлтанмұратұлының есімін көше атауына беру болды.

Ауылымыздың тарихын жастардың зердесіне құйып, олардың осы тарихтың тағылымымен таныстыруды бүгінгі талаптар тұрғысынан қалыптастырудың маңызы зор. Сол себепті ауылымызда елі үшін жаны ашып, ауылдың қиын-қыстау кезеңде аштықтан тарап кетпей, керісінше бір мекенге жиналып ауыл құрылуына үлес қосқан жанашыр азаматтың есімімен көше аталса нұр үстіне нұр болып, болашақ ұрпаққа үлкен ғибрат болады деп ойлаймын.

Әміре Сұлтанмұратұлы 1870 жылы ақпан айының 5 күні бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданы Қамсақты бойын жайлаған Қарауыл-Қантай елінің Сапақ ауылында (кезінде Ұялы, кейіннен Бірлестік ауылында) дүниеге келген. Жастайынан әкесі, ақын Сұлтанмұраттың жолын қуып өнерге жақын болады. Ғасырлар тоғысында өмірге келіп, от ауызды, орақ тілді ақын отбасында ер жетіп, ат жалын тартқан Әміре де тілін шыңдыққа жанып, әділетсіздікке қарсы шығып, қарапайым халықты қанаған елге тырнақ батырған патша мен есерсоқтарға өзінің сөз қаруын жұмсаған.

Әміре Сұлтанмұратұлы бар ғұмырын әншілікке, серілікке, халық мұңын жырлауға арнаған, көптеген

хика дүниесінде жеңеді. Адамның немесе үлкен адамдар тобының мінез-құлқын өзгерту үшін олардың өлтіріп, жарақаттау міндетті емес, тек олардың саналарының құрылымы мен күйін өзгерту керек, - деп қорытындылады.

Одан соң Гүлмира Ғалымжанқызы Қазақстандағы радикалдық ағымдардың әрекеттерінің қауіптілігі, олардан сақтану жолдарын, оның ішінде, ғаламтордан кез келген діни уағызды тыңдамау, сараптамадан өтпеген діни мазмұндағы күменді әдебиеттерді сатып алмау және діни білім алу үшін тек мешіт имамдарына келіп үйрену жайлы қызғылықты өңгімелеп берді.

Өз кезегінде сөз алған облыстық Дін істері жөніндегі басқарманың бас маманы Болат Омаров экстремизммен мемлекет және қоғам болып күресу қажеттігін айта келіп, Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамаларына тоқталды.

Семинарға қатысушылар да өз тараптарынан мамандарға сұрақтар қойып, ойларын ортаға салды.

Осындай семинарлар түстен кейін Лавровка, Бірлестік, Дауқара ауылдарында өткізілді.

Жанат СӘБИТОВ.

Динар СЕЙТОВА, Бірлестік ауылы.

Айыртаулық арыстар

ТАҢҒАЖАЙЫП ҚАБІЛЕТІМЕН ТАҢҒАЛДЫРҒАН СҮЙІНДІК БАҚСЫ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Емшілік, сәуегейлік, көріпкелдік, бақсылық секілді туа бітті қасиет иелері қай қоғамда да болған. Кешегі ата-бабамыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін аңыз әңгімелер мен батырлар жырында, ертегі мен жыр-дастандарында да жұлдызға қарап санайтын, болашақты алдын ала болжайтын тылсым күш иелері жиі ұшырасады. Тіпті, жарық дүниеге келген нәрестенің ертеңгі күні елің жерін қорғайтын ержүрек батырға айналатыны жайлы сүйінші хабар да ерекше қасиет бойына дарыған дуалы ауыздан тарап отырған. Халық арасында мұндай жандар зор құрметке ие болған. Осындай беделді, сыйлы тұлғалардың бірі, тамам жұртты таңғажайып қабілетімен таңғалдырған өнер иесі Дауқара ауылында дүниеге келіп, ғұмыр кешкен Сүйіндік Жанысұлы.



Асайыновпен дос-жар адам болған. Екеуі талай таңдарды бірге атырып, әсем де әуезді ән-жырларымен тыңдаушыларының құлақтарының құрышын қандырған.

Сүйіндік бақсы жайында ел аузында сан алуан әңгіме бар.

Егіндіағаш ауылында Лиман деген кісі басқарма болып істеді. Сүйіндік бақсымен түйдей құрдас. Бастық болғандықтан өктем сөйлеуді әдетке айналдырған Лиман Сүйіндік бақсыға бір жағы құрдастық әзіл сынайымен «Сен осы бақсылығыңды қойсаңшы» депті. «Қап, бәлем, саған көрсетермін»

ат жеккізсе, Сүйіндік «Тағы бір күн қоң кетпе» деп құрдасына қолқа салады. «Қой, қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт» деген, кетеміз, ауылда да шаруа бар» деп Мүкең көнбейді. «Көнбесең, әуеселенді көрейін, кетіп көр» дейді Сүйекең. Жоқ, жүреміз деп қақпадан шықса, жегулі аты осықырып, арындап маңына жолатпайды. Жағдайды замат түсіне қойған қонақ: «Жарайды, сен жеңдің, енді атымды қалпына келтіріп бер, әйтпесе жетекті сындырар түрі бар ғой» деп, райынан қайтыпты. «Ә, солай ма» деп күлген Сүйіндік «сап, жануар, сап» деп сауырынан сипап жібергенде бір оқыранып қойып, көк ат бұрынғы қалпына келіпті.

Мына бір оқиға Қаратал деген ауылда болған. Ұлы Отан соғысының аяқталуға жақын қалған кезі. Қысы-жазы тынымсыз еңбек еткен қыз-келіншектер дема-



әңгімені айтады, сонда әлгі кісі «Сендер ақсақалдан көшірім сұраңдар, бұл аруақты адам, - дейді. Жігіттер Сүйіндік бақсыға барып, өздерінен бір білместік өткенін айтып, көшірім сұрайды. Бір мезетте бақсы қолына балтасын алып, ақырып қалады да, трактордың қасында тұрған қайыңды шауып жібергенде, ағаш гүрс етіп жерге құлайды. Сол кезде трактор да от алады.

Сүйіндік бақсы 1972 жылдың 2 қазанында жетпіс екі жасында дүниеден озады. Дауқара ауылындағы зиратта жерленген. Еміне дауа іздеген адамдар әлі күнге дейін бейітінің басына келіп, дұға оқып тұрады. Бақсы өмірден озғаннан кейін оның ісін жұбайы, ел Сартай деп атап кеткен, азан шақырып қойған есімі Нұрғиза әжей жалғастырады. Бұл кісі де аруақты болса керек. Сүйіндік бақсы қайтыс боларының алдында әжейге батасын беріп кеткен. Нұрғиза әжей де зікір салып, жас балалардың кірнесін емдеген. Осы төңіректегі біраз адамдарға әжейдің емінің шипасы мол болған.

Нұрғиза әжей он бір құрсақ көтерген, алайда сегізгі кішкентайынан шетінеп кеткен. Үлкен ұлдары Серік те

әрекеттер жасай бастайды. Сүйіндік те жандарын шақырып, екеуі біраз уақыт арбасады. Ақырында Сүйіндік бақсының аруағы күшті болып, жеңіп шығады. Әлгі кемпір содан кейін өзі жынданып кетеді.

Бірде Сүйіндік бақсы жоғарыда қызмет істейтін бір дөкейді емдеп шығады. Әлгі кісі бақсыға алғысы ретінде жақын маңайдағы орман шаруашылығынан тақтай алуға рұқсат алып береді. Тақтайдың қат кезі. Содан Сүйекең атын жегіп, тақтай алуға барады. Артып болған соң, намаз уақыты болса керек, жайнамазын жайып жіберіп, намазын оқи бастайды. Жақын маңайда орыстар да тракторларына тақтай артып жатқан. Намаз оқып отырған ақсақалды көріп, «Мына шал үйінде тыныш қана жатпай ма екен, неменесіне әуре болып жүр?», - деп өзара әңгіме қылады. Ол әңгімені

бақилық болған. Ұрпақтары бар. Берігі Қызылжар қаласында тұрады, облыстық телекомпанияда жүргізуші болып жұмыс істейді. Кенжелері Ақмолда ауылда тұрады, қара шаңырақты ұстап отыр.

Сүйіндік атайдың бөлмесі әлі күнге дейін сол қалпында тұр. Зікір салып, кісі емдеген көрігі, қысқашы, балтасы, домбырасы және басқа да заттары сол күйінде сақтаулы.

Атеистік Кеңес заманында адамның ақылы жете бермейтін небір ғаламаттар жасап, кісі емдеп, ел-жұртты өрекке қабілеттерімен, дарындарымен таң қалдырған Сүйіндік бақсы секілді адамдарды деріптеп жазу мүмкін болмады. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары өшкім жазуға талаптанып, іздеушісі болмаған соң, біржола ұмытылуға айналды. Аталмыш мақаланы жазудағы мақсатым – арайлы Айыртау өңірінде



Сүйіндік бақсы жас кезінде жиі ауыра беретін болса керек. Сондай ауырып төсекте жатқан күндерінің бірінде түсіне сол өңірде аты аңызға айналған Сарыбауыр Тастемір кіріп, батасын береді. Сол сәттен бастап кісі емдеумен айналыса бастайды. Өзінің бақсылық сарынын «Сүйіндік бақсы атандым, Тастемірден бата алдым» деп бастайтын болған.

Көз көргендер Сүйіндік бақсыны қияқ мұртты, кеспелтек, аса көркем адам болатын, - дейді. Отқа сап қып-қызыл ғып қыздырған балтаны, шыжылдата жалап, зікір салатыны, өткір шалғының үстінде жалаңаяқ жүретіндігі, қырық инені бірден жұтып, қайтадан аузынан шығарғанда инелердің ірімтік-ірімтік болып қалатындығы, жүйке ауруларын үшкіріп емдейтіні, сынық салу шеберлігі өз алдына, оның тамақ бездерін сылығында ешқандай із қалдырмайтыны таңқаларлық. Оған қоса оның сиқыршылық гипнозы да болған.

Емделушілер жан-жақтан, тіпті Мәскеу сияқты шалғай жерлерден келеді екен. Дуа істеліп, жынданып кеткен кісілерді киізге орап, байлап әкелгендердің талайы Сүйіндік бақсы бір-екі рет зікір салып, ем-дом жүргізгеннен кейін құлан-таза айығып кеткен.

Сүйекеңнің тағы да бір ерекшелігі – зікір салған кезінде қасында үнемі өзі балапан кезінен баулып өсірген бүркіті отырады екен. Бүркіті шау тартып, қартайып өледі. Бұл алпысыншы жылдардың аяғы болса керек. Иесі оны сол күйі өзінің ұстаханасындағы тұғырына отырғызып, дұға оқып, аяғынан танып қояды. Сол бүркіті бертінге дейін өзінің тұрқын еш бұзбастан, бірде-бір қауырсыны да түспестен тұғырында отырды. Бұл да Сүйіндік бақсының аруағының құдіреті болса керек.

Ол кісі емдеуден басқа, балаларды сүндетке отырғызған. Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамбай тұрған кезең, балаларын ашықтан ашық сүндетке отырғызудан жұрт қорқады. Жоғарыдағылар біліп қойса, діншілсің, партия саясатына қарсысың деп шу шығарады. Сондықтан да мұндай шаралар негізінен түнгі уақытта, ескі-терезені бекіткен соң өткізілетін.

Сүйіндік бақсының ән айтатын өнері де болған. Қара домбырасын күмбірлетіп, жырлай жөнелгенде еліге тыңдап, еріксіз ұйып қалатынсың. Күмбірлеген үн, келісті мақам жан жүйемізді босатушы еді, - дейді оның әуендерін тыңдағандар. Айыртау өңірінің атақты айтыскер ақыны Мұса

деп Сүйіндік қалыпты. Бірде қыстығүні Лиман атамиз жолаушылап келе жатады. Ай сүттей жарық дейді. Орманды жерлер жиі кездеседі. Орманнан шыға бере жазық беткейлер басталады. Сондай бір қалың жынысты ағаштардан шыға бере аппақ қардың бетінде қап-қара қозы маңырап жатыр дейді. Қозыны шанаға сала салып, атты енді жүргізейін десе, шананы орнынан жылжытуға шамасы жетпей, ышқынады екен. Сұлы жеп тұрған ауылнайдың аты екі шақырым шықпай болдырып қалуы қалай деп аң-таң болыпты. Қозыны тастай салса, ат шанамен бірге құстай ұша жөнеліпті. Артына қараса, қозы адамша сақылдап күледі дейді. Өзі қорыққаннан есінен айырылып қалыпты. Ал ат болса, зулағаннан тоқтамай ауылға дейін шауып келіпті. Кейін Сүйіндік Лиманмен кездескен шағында «Жолда не көрдің?» деп сұрапты. Лиман атамиз Сүйіндіктің бақсылығына сонда анық көз жеткізген екен.

Бірде Мүбәрак деген құрдасы Сүйіндіктің үйіне қонаққа барады. Көптен кездеспеген қос құрдас қуана қауышып, арғы-бергіні еске салып, бір күн, бір түн думандатады. Мейман ертеңіне «Елге қайтайын» деп

лыс жасауды ұйғарып, бастаңғы ұйымдастырады. Түні бойы көңіл көтерген қырық келіншек таң ата ұйқыға бас қояды. Ұйқыдан тұрған кезде олар естерінен адаса бастайды. Бірі қораға кіріп, шошқа болып қорсылдаса, екіншілері әтеш болып шақырады. Жануарлар мен құстардың кейпіне кірген әйелдерден ауыл тұрғындары шошынып, жоғары жаққа хабарлайды. Қызылжардан арнайы келген кісілер, арасында дәрігерлер бар, бір жұма тексеріп, аурудың себебін таба алмай, кері қайтады. Ауыл тұрғындары тығырыққа тіреледі, енді не істеу керек? Содан бір қарт адам «Дауқара ауылында Сүйіндік деген бір керемет бақсы бар. Сендер соны алдырыңдар. Бұл аурудың бір емін тапса, сол ғана табады, - дейді. Содан Сүйіндік бақсыны алдырады. Науқастарды түгел тексеріп болған соң, оларға дуа жасалғанын біледі. Дуа жасаған көрші орыс ауылындағы бір кемпір екен, қазақтар оны Дуалап деп атап кеткен. Жасаған дуасының да күші керемет болса керек. Оңайлықпен кете қоймайды. Естерінен адасып, ауырып қалған әйелдерді емдеуге Сүйіндік бақсының келгенін істеген Дуалап кемпір қарсы



құлағы шалған Сүйіндік бақсы намазын оқып болып, сырттан бақылап тұрады. Жұмыстарын бітірген соң әлгі жігіттер тракторына от алдырайын десе, от алмайды. Су жаңа трактор неге от алмады деп олар аң-таң болады. Қанша тырысса да тракторды орнынан қозғай алмайды. Содан бір мосқалдау кісі келіп, «Сендер анау тұрған шалдың сыртынан ғайбат сөз айтқан жоқсыңдар ма? – деп сұрайды. Жігіттер ортада болған

Сүйіндік бақсы секілді қазаққа ғана тән қабілет иесінің ғұмыр кешкенін бүгінгі ұрпақ біле жүрсін деген ой еді.

Жанат СӘБИТОВ,
Қазақстан Республикасы
Журналистер Одағының
мүшесі.

Суреттерде: 1. Сүйіндік бақсы;
2. Зікір салған домбырасы;
3. Бақсының кісі емдеген көрігі мен балтасы;
4. Сүйіндік бақсының мазары.

Мектеп өмірінен

ҒАРЫШКЕР ЖҮРГЕН ЖОЛДАРМЕН

Қаратал орта мектебінің 10-16 жас аралығындағы оқушылары маусым айының 1 – 5 күндері саяхатшылық шатыр-қала жобасы бойынша жорыққа шықты. Аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жақыповтың бекіткен Ережесіне сәйкес саяхатшылық шатыр-қала жұмысы таңертеңгі сағат 8.30-дан кешкі сағат 17.15-ке дейін жүргізілді. Саяхатшылық шатыр-қала жобасы балалар мен жасөспірімдерге белсенді демалу, саяхат жасауға үйрету, экологиялық тәрбие беру, туған жердің тарихын терең зерделеуге, өзіндік білім алуларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған болатын.

Саяхат жұмысы ойдағыдай өту үшін, Қаратал орта мектебінің директоры Е.Әлібековтің бұйрығымен топ жетекшісі ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Н.Есей, тәрбиеші болып денешынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Мырзахметов және оқушылар көсемі ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Қожанова тағайындалды.

Топ жетекшісі бес күнге лайықтап жұмыс жоспарын жасап, мектеп әкімшілігіне бекітірген соң, атқарылатын жұмыс барысына саяхатқа қатысатын оқушыларға таныстырды. Саяхатқа Аусат Ермахан, Кәрімов Аян, Бекмағанбетов Жангелді, Марат Алтынбек, Мөлғаждаров Жәнібек, Айтмағанбет Тілектес, Базарке Әділжан сынды белсенді оқушылар ниет білдіріп, оларды ата-аналарының арнайы өтініші бойынша қабылдап, техникалық қауіпсіздік жайында, өрттен сақтану мен денсаулық сақтау және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау жөнінде арнайы нұсқау жұмыстары жүргізілді. Күн сайын жорыққа шығар алдында мектептің медициналық қызметкері К.Бердалина оқушылардың дене температурасы мен қан қысымын өлшеп, жорыққа шығуға рұқсат беріп отырды.

1963 жылы 19 маусым күні Кеңестер Одағының ғарышкері Валерий Федорович Быковскийдің «Восток-5» ғарыш кемесімен «Восток-6» ғарыш кемесін басқарған адамзат тарихындағы тұңғыш ғарышкер-әйел КСРО-ның азаматы Валентина Терешковамен бірлесіп ұшқан, ұзақтығы 4 тәулік 23 сағат 07 минутқа жалғасқан сапарынан соң, жоспарланған мекеден 50 шақырым ауытқып келіп қонған жері Қаратал ауылының аумағы болған еді. Ал Валентина Терешкованың Қарағанды өңіріне барып қонғаны баршаға аян.

Сол кездегі Уақ-Заря ауылының тұрғыны, бүгінде Қызылжар қаласында тұратын Нұрахметов Сейіт Қоржымбайұлы атаның айтуынша, Сейіт ақсақал мектеп бітіргеннен кейін 1963 жылы ауылда жылқышы болып жүріпті. Ғарышкер қонған кезде атпен шауып қасына алғаш барған, шалқасынан жатқан ғарышкерді қолтығынан сүйемелдеп

тұрғыза бастаған адам – Сейіт ата екен. Бұл кісіден кейін келген сол кездегі совхоздың озат еңбеккерлері Тұрсын мен Қазез деген азаматтар болыпты. Үшеулеп ғарышкердің киімдерін жеңілдетіп, машинаға әкеліп отырғызып, кешікпей Мәскеуге хабарлаған екен. Бұл жайында Мақышев Тұрсын атаның тікелей Мәскеумен, сол кездегі КСРО-ның бірінші хатшысы Н.Хрущевпен тікелей байланысқа шығып, В.Быковскийдің аман-есен жоспарланған жерге келіп қонғанын мәлімдегенін С.Нұрахметов ата куәландырады. Сонымен бірге Валентина Терешкованың да аман-сау Қарағанды облысының аумағына келіп қонғанын сол жерде жариялағанын жеткізеді.

Сондай-ақ Сейіт ақсақалдың айтуынша, ғарышкер Уақ-Заря ауылының зираты мен сол маңдағы томардың ортасындағы шағын алаңқайға, Уақ-Заря ауылына жақын жерге қоныпты, ал ғарышкер отыратын кабина – капсула батыстан шығысқа қарай Қаратал ауылы жағына өтіп барып құлаған. Ғарышкердің кресло-орындағы Қараталдан 3 шақырым жердегі «Камышное» орман шаруашылығына қарасты кардонда тұратын орманның Қасымов Шаймерген деген азаматтың үйінің жанындағы құдыққа тауу барып түсіпті. Кабинаның есігі (люк) сол маңдағы орман ішіне бөлек түскен. Тарихи ескерткіш ретінде тұрғызылған «Даңқ» обеліскісі ғарышкер В.Быковскийдің қонған жеріне емес, Қаратал ауылына қарай өтіп барып құлаған кабина-капсуланың түскен жеріне орнатылған.

Осындай мәліметтерді жинақтап қарай отырып, саяхатшылық шатыр-қалашықтың жетекшісі Н.Есей өлкетану-зерттеу жұмысы тақырыбын: «Ғарышкер В.Быковскийдің қону тарихы жайындағы мәліметтерді нақтылау» деп атады.

Топ жетекшісінің нұсқауымен топтың әрбір мүшесінің міндеттері нақты атап отырып көрсетілді. Саяхат барысында төмендегідей жұмыстар атқару көзделді:

1.Тарихи орындарды (ғарышкердің өзі қонған жер, креслоның түскен орны және капсуланың люгі (есігі) құлаған жер) тауып, картаға белгілеу;

2. Саяхат үстінде фото және бейне жазбалар жасау;

3. «Сындарлы оқыту теориясы» негізінде оқушыларды іс-әрекет үстінде бақылау жұмысын жүргізу;

4. Оқушыларға күнделік жаздырып, көрген-білгендері жөнінде, атқарған істері жайында, алған тәжірибе мен тәрбиелік жағдайлар туралы өзіндік есеп жаздыру.

Жорыққа шыққан саяхатшылар әр күні жоспарланған жұмысқа сәйкес аудындық білім бөлімінен берілген

төрт шатырдан тұратын қалашықты өздеріне қолайлы жерге орналастырып отырды. Оқушылар шатырды құру мен жинау тәсілдерін жылдам игеріп алысты. Сырттай қарағанда жер астынан өніп шыққандай қатар-қатар тігілген шатырлардың көрер көзге де, саяхатқа қатысушы оқушыларға да романтикалық-экзотикалық әсері өте жоғары болды. Көңілге ерекше нұр құйып, саяхатқа деген оқушылардың қызығушылығы мен ынтысын арттыра түсті.

Бес күндік саяхатшылық-зерттеу жұмысынан кейін Жер серігі арқылы жасалған фото-карталарды пайдалана отырып жерге әуелі тұрғындарының ауызша естеліктерін салыстыра отырып, ғарышкер В.Быковскийдің өзі келіп қонған жер, катапульт креслосының түскен жері мен капсуланың люгі келіп құлаған орындар анықталып, картаға түсірілді.

Оқушылар саяхат барысында жалпы ұзақтығы 8-9 шақырым жаяу жол жүрді, өздері туған өңірдің сай-саласымен, айналасымен танысып, өсімдіктер өлемін қызықтады. Жолай кездескен үлкенді-кішілі жәндіктер мен жорғалаушыларды, құстарды фото-суретке түсірді.

Демалыс кезінде футбол ойнап, музыка тыңдады.

Оқушылардың жазған есептерінен саяхаттың оларға ұнағаны, өздері үшін мол тәжірибе жинағандары, әр түрлі жағдаяттар барысында тәрбиелік мәні зор өмірлік сабақ алғандары, туған өлкелерінің тарихына өзгеше қызығушылық пайда болғандығы көрінеді. Болашақта шатыр-қала жорығы барысында жинақталған материалдар негізінде өлкетануға байланысты суретті-танымдық кітапша жасалып, жаңа оқу жылында жорық жұмыс туралы мектеп оқушыларына таныстырылым ұсынылып, деректі фильм көрсетіледі деп жоспарлануда.

Оқушыларды «іс-әрекет үстінде зерттеу» тәсілі бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесіне қараса, оқушылардың өмірлік дағдылары, тәжірибелері, айналасымен қатынастары, үлкендермен сөйлесу және өзара әңгімелесу әдептері, өзіне-өзі қызмет көрсету ыңғайлары, түз өміріне икемділіктері әр күн сайын дамып, жетіліп отырғаны айқын байқалады. Сабақ барысында көріне бермейтін еркімнің адами-азаматтық қырлары да анық аңдалып отырды.

Қысқасы, Қаратал орта мектебінде ұйымдастырылған саяхатшылық шатыр-қала жұмысы өз міндетін толық атқарып шықты деп айтуға әбден болады.

Өйткені «Келесі жазғы кианикул тез келіп, тағы да саяхатқа шығатын күн туса екен» деген тілекпен тарқасты жорыққа қатысқан оқушылар.

Нұрлан ЕСЕЙ,
